

**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫ**



**2025 жылы 10 - 14 ақпан аралығында кураторлар арасында дін саласына
байланысты жүргізілген сауалнаманың қорытынды
АҚПАРАТЫ**

Өзірлеген:
Әлеуметтік жұмыс басқармасының
дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев

Тараз 2025 жыл.

2025 жылы 10 - 14 ақпан аралығында дін саласына байланысты кураторлар арасында жүргізілген сауалнаманың қорытынды АҚПАРАТЫ

Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен факультеттердің топ кураторларына арналған дін саласындағы сауалнама жүргізілді. Аталған сауалнаманың мақсаты - топ кураторлардың дін саласына байланысты атқаратын жұмыстарын зерделеу. Студент жастардың бойында діни сауаттылықты және рухани иммунитетті қалыптастыруына байланысты топ кураторлардың да рөлі жоғары болу қажет. Өйткені, жастардың бойында рухани иммунитет және діни сауаттылық жоғары деңгейде қалыптаспаса, онда деструктивті діни ағымдардың ықпалына тез ұшырауы мүмкін.

Осыған орай, 2025 жылдың 10-14 ақпан айы аралығында кураторларға арналған дін саласындағы сауалнамасы алынды. Сауалнамада 10 сұрақ қамтылды. Барлығы қатысқан 404 респондент. Факультет бойынша көрсеткіш:

«Филология және гуманитарлық ғылымдар» – 150 (44,2%);

«Технологиялық» - 83 (20,6%);

«Экономика және құқық» - 49 (12,2%);

«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» – 45 (11,2%);


«Жаратылыстану ғылымдары» - 38 (9,4%);

«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» - 38 (9,4%).

Сіздің факультетіңіз / Ваш факультет:

 Копировать диаграмму

403 ответа



Сауалнаманың сұрақтары бойынша:

1. «Студенттер арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу бойынша жұмыстар жүргізу керек пе?» деген сұрағы бойынша 267 респондент «міндетті түрде жүргізу қажет» деп белгілеген.

«қажеттілігі жоқ, діни жағдай бір қалыпты» - 63;

«студенттердің діни сауаттылығы жоғары болу қажет» - 48;

«маған бәрібір» - 20;

«діни тақырыпта іс-шараны өткізбеймін» - 5. Айта кететін мәселе, 63 куратор жастар арасында діни экстремизмнің алдын-алу жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі жоқ деп белгілеген. Демек, кураторлар деструктивті діни ағымдардың ықпалына ұшыраған

жастардың бойында діни радикалдық көзқарасы, қоғам үшін өте қауіпті екенінен бейхабар. Сол үшін дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

1. Студенттер арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу бойынша жұмыстар жүргізу керек пе? / Нужно ли работать над профилактикой религиозного экстремизма и терроризма среди студентов?

[Копировать диаграмму](#)

404 ответа



2. «Кураторлық сағаттарда өтілетін діни тақырыптағы кездесуге дінтанушы, теолог мамандарын шақырасыз ба?» деген сұрақ бойынша 275 респондент «міндетті түрде дінтанушы маман қатысу қажет» деп белгіледі.

«қажеттілігі жоқ» - 76;

«діни тақырыпта кездесу өткізілмейді» - 20;

«маған бәрібір» - 26. Жалпы кураторлардың басым көпшілігі жауапты дұрыс белгілеп, дінтанушы-теолог мамандардың қатысуы қажет екенін айтуда. Сонымен қатар, 76 куратор діни тақырыпта өтілетін іс-шараға дінтанушы-теолог мамандардың қатысуы қажеттілігі жоқ деген жауабына келісе алмаймыз. Өйткені, қоғамдағы көптеген діни ағымдардың идеологиялық қауіптілігін ескере отырып, ҚР Дін істер комитетінің нұсқауымен діни ақпараттарды түсіндіру және жеткізу мақсатында жоғары діни білімді дінтанушы-теолог мамандарға жүктелінген. Сонымен қатар, кейбір кураторлар діни тақырыпта іс-шараны мүлдем өткізбейтінін жеткізген. Факультеттің, кафедраның тәрбие жұмыс жоспарында көрсетілгендей, діни экстремизм көріністерін алдын-алу, конфессияаралық және этносаралық тұрақтылықты сақтау бағыттары міндетті түрде қамтамасыз етілген. Осы бағыттар бойынша жұмыс жасалынуы қажет.

2. Кураторлық сағаттарда өтілетін діни тақырыптағы кездесуге дінтанушы, теолог мамандарын шақырасыз ба? / Приглашаете ли Вы религиоведов и богословов на встречу на религиозную тему в кураторские часы?

[Копировать диаграмму](#)

404 ответа



3. «Сіздің тәрбие жұмыс жоспарыңызда студенттердің діни сауаттылығын арттыру мақсатында іс шара өткізу қажет екендігін білесіз бе?» деген сұраққа байланысты 338 «ия» деп белгілеген.

«жоқ» - 20;


«маған бәрібір» - 28;

«бірінші рет естуім» - 18. Тәрбие жұмыс жоспарға сәйкес дін саласына байланысты 338 куратор іс-шара өткізу қажет екенін біле тұра, алайда өз уақытысында іс шара өткізбейтін кураторларда бар. Ал, «жоқ» деп жауап берген 20 куратор студенттер арасында діни экстремизм көріністерін алдын алу бағытында жұмыс жүргізбейді деген сөз.

3. Сіздің тәрбие жұмыс жоспарыңызда студенттердің діни сауаттылығын арттыру мақсатында іс шара өткізу қажет екендігін білесіз бе? / Знаете ли вы, что в вашем плане воспитательной работы необходимо провести мероприятие с целью повышения религиозной грамотности для студентов

 Копировать диаграмму

404 ответа



● ия / да
● жоқ / нет
● маған бәрібір / мне все равно
● бірінші рет естуім / первый раз слышу

4. «Университетте Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы жұмыс жасайтынын білесіз бе?» деген сұраққа байланысты 272 куратор «ия» деп жауап берген.

«дінтанушы маман бар екенін естімедім» - 60;

«жоқ» - 72. Әлеуметтік жұмыс басқарманың дінтану бойынша бас маманының негізгі қызметі - студент жастарды деструктивті діни ағымдардың ықпалынан сақтау, дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру және сауалнамалық жұмыстарын жүргізу және дін саласына байланысты кураторлармен өзара ықпалдастық жұмыстарын жасау болып табылады.

4. Университетте Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы жұмыс жасайтынын білесіз бе? / Знаете ли вы, что в университете работает главный специалист по религиоведению управления социальной работы?

[Копировать диаграмму](#)

404 ответа



5. «Топта дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына ұшараған студентті ажырата аласыз ба?» деген сұрақ бойынша 209 куратор «ия» деп белгілеген.

«дінтанушы маманға жүгінемін» - 60;


«жоқ» - 119;

«маған бәрібір» - 16. Кез келген куратордың діни және құқықтық сауаттылығы жоғары болған дұрыс. Өйткені, деструктивті діни ағымдардың ықпалына ұшыраған адамның сыртқы және ішкі белгілері байқалады. Сыртқы белгілерінде пәкістандық үлгідегі киетін киімі, қауғадай сақалы, қысқа шолақ шалбары. Әсіресе, ішкі белгілерін анықтау мақсатында дінтанушы маман арқылы теологиялық сұрақ-жауап ретінде білуге болады. Деструктивті діни ағымдардың идеологиялық қауіптілігі мемлекеттің зайырлы ұстанымына қарсы ой-пікірі, дәстүрлі ханафи мазхабын қабылдамауы, дінаралық тұрақтылықты сақтамауы және т.б.

5. Топта дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына ұшараған студентті ажырата аласыз ба? / Можете ли вы выделить в группе студента, попавшего под влияние нетрадиционного религиозного течения?

[Копировать диаг](#)

404 ответа



6. «Сіздің ойыңызша жастардың дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына кетуінің басты себебі қайсысы?» деген сұрақ бойынша 279 куратор «діни сауаттылықтың төмендігінен» деп жауап берген.

«оларды қаржылай қызықтырады» - 110;

«жастардың тәрбиесімен ата-анасы айналыспағандықтан» - 93;

«дәстүрлі емес діни ағымдардың діни идеологиясының мықтылығынан» - 90;


«бос уақытын тиімді пайдалана алмағандықтан» - 70;

«жұмыссыздықтан» - 24. Кураторлардың көпшілігі өте орынды ой-пікір ретінде діни сауаттылықтың төмендігінен жастардың дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына ұшырап жатқандығын белгілеп отыр. Діни сауаты жоғары болған жастардың бойында агрессиялық, радикалдық діни ұстанымнан алыс болады және өзге діни жамағаттардың уағыз-насихатының қауіп-қатерін ажырата алады. ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру бағытында мемлекет этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдау, толеранттылық пен сындарлы диалог атмосферасын сақтау, діни экстремизм көріністерінің алдын алу және діни сауаттылықты қалыптастыру саясатын жүргізіп келеді.

6. Сіздің ойыңызша жастардың дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына кетуінің басты себебі қайсысы? (нақты 2 жауапты беріңіз) / На ваш взгляд, в чем основная причина того, что молодежь попадает под влияние нетрадиционных религиозных течений? (дайте 2 точных ответа)

[Копировать диаграмму](#)

404 ответа



7. «Студенттердің бойында дәстүрлі емес діни ағымдардың белгілері байқалса, ең алдымен кімге жүгінесіз?» деген сұрақ бойынша 165 куратор «студенттің ата-анасы» деп белгілеген.

«дінтанушы маманы» - 98;


«Әлеуметтік жұмыс басқармасы» - 74;

«Факультет деканы» - 67. Кураторлар тарапынан студенттік топта әр студенттің психологиялық портретін жасақтап және олардың діни көзқарасын қадағалап отыру қажет. Университетте студенттерге дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында дінтанушы маман Алпысбаев Бахтияр Қаржаубайұлы қызмет жасайды. 4.1 оқу ғимаратында орналасқан. Байланыс телефондары: 8777 1134109 (ватсап), 8747 5088202.

7. Студенттердің бойында дәстүрлі емес діни ағымдардың белгілері байқалса, ең алдымен кімге жүгінесіз? / Если у студентов проявляются признаки нетрадиционных религиозных течений, к кому вы обращаетесь в первую очередь?

[Копировать диаграмму](#)

404 ответа



8. «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын қолдайсыз ба?» деген сұрақ бойынша 275 куратор «ия» деп белгілеген.

«жауап беруге қиналамын» - 90;

«маған бәрібір» - 23;

«жоқ» - 16. Көпшілік кураторлардың Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын қолдайтындығын атап өтті. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттері мыналар:

1. Мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын ілгерілету.

2. Азаматтардың діни сенім бостандығына және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жасауда құқықтарын сақтау.

3. Қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау.


4. Діни салада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарды орталық мемлекеттік органдар да, жергілікті атқарушы органдар да жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын қолдайсыз ба? / Поддерживаете ли вы государственную политику в области религии Республики Казахстан?

[Копировать диаграмму](#)

404 ответа



9. «ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдардың бар екенін білесіз бе?» деген сұрақ бойынша 359 куратор «ия» деп жауап берген.


«жауап беруге қиналамын» - 90;

«жоқ» - 16.

9. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдардың бар екенін білесіз бе? / Знаете ли вы, что в РК действуют законы «религиозная деятельность и религиозные объединения», «противодействие экстремизму», «противодействие терроризму»?

[Копировать диаграмму](#)

404 ответа



10. «Университетте діни-саяси насихат жүргізуге және діни рәсімдерді орындауға болмайтындығын білесіз бе?» деген сұрақ бойынша 372 куратор «ия» деп жауап берген.

«жоқ» - 16;

«жауап беруге қиналамын» - 13;

ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты болып табылады. Сонымен қатар аталмыш заңға сәйкес білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың, бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметін жүргізуге, білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, педагог қызметкерлердің білім беру үдерісін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында пайдалануына тыйым салынады. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 7-бабының 3-тармағы бойынша рухани (діни) оқу орындарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының ғимараттарында және оларға бөлінген аумақта өткізуге (орындауға) жол берілмейді.

10. Университетте діни-саяси насихат жүргізуге және діни рәсімдерді орындауға болмайтындығын білесіз бе? / Знаете ли вы, что в университете нельзя проводить религиозно-политическую пропаганду и проводить религиозные обряды?

[Копировать диаграмму](#)

404 ответа



ҰСЫНЫСТАР:

Факультет декандарына:

Факультеттердің тәрбие жұмысы жоспарына діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын-алу, конфессияаралық және этносаралық тұрақтылықты сақтау бағыттарын міндетті түрде енгізу;

Факультеттердің барлық кураторларына дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуіне ықпал ету;

Академиялық топ кураторларына:

Студенттердің әлеуметтік желідегі жазбаларына мониторинг жүргізу;

Діни тақырыпта өтілетін барлық іс шараға міндетті түрде Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманымен ақылдаса отырып, ұйымдастыру;

Студенттердің бойында радикалдық діни көзқарас белгілері пайда болған жағдайда, міндетті түрде Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманына хабардар ету;

Діни киім үлгіде киінетін студент қыздардың діни көзқарастарына зерделеу жұмыстарын жасау;

Студенттердің діни көзқарастарын айқындау бағытында әрбір студенттік топтарда дәстүрлі түрде сауалнама жүргізу.